

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

#### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

#### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

#### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

#### Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

#### Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тілепов

А 13      **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)**

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Ақбота Ахметбекова

## ЙАСАУИ МЕН АБАЙДЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Абайдың философиялық өлеңдерінің тұғыры қайда деңгендеге, еріксіз Шығысқа, Шығыс емес-ау, өзіміздің ата-баба мұрамыз Йасаудің қазақ жадында сөзбен нақышталған сұлбасына көз тігерімізді енді білгендейміз. Йасауи өзінің сопылық оқуын танытатын, уағыздайтын, насхаттайтын өлеңдерімен философиялық мәселелердің поэзияға жол салып, жаңа тақырып, тың дәстүр болып, қазақ әдебиеті төрінен орын алды. Философиялық өлеңдер өзінің мақсатына сәйкес танымдық, пайымдық, дидактикалық сарынымен дамуда. Йасауи салған дәстүр Сүлеймен Бақырғанидың діни жырларында, Бұқар жыраудың саяси толғауларында, Шортанбай сияқты ақылдарымыздың тұрмыстық-сын шығармаларында жалғастық тауып келді. Ал осы дәстүрдің лирикада, яғни адамның жансезімімен жырлануында ұлы Абайдың өлеңдерінен көрінсе керек.

Абайдың философиялық өлеңдері ғұмырының соңғы жылдарында жазылуы, яғни ой тоқтатқан, өмір қызығын да қазақайғысын да татқан, өлім демін сезген, жанауырган кезде жазылуы занұлылық. «1895 жылы Әбдірахманның өліміне байланысты қайғы-мұнға бату үстінде Абай дін мәселесі мен адамның жаратылыс сыры турасындағы тақырыптарға екі өлеңмен соғып өтеді. Бұның біреуі – ақынның нанымын анғартқандай, «Лай суға май бітпес» деген өлең. Екіншісі – адамның жаратылыс сырын сөз кылған – «Өлсे өлер табиғат».

Алғашқы өлеңнің басы үлкен ақындық тенеумен тағы да бір өкініш наланы танытады. Содан ары пайымдау ретіндегі ойлауын тере келіп, ақын өзінің наным жөнін толғайды. Болып өткен ауыр қазаларға жоғарыда танылмаған кейбір тұнілу сарындары қосылып келіп, ыза мен қазадан туған бір алуан діншілдік ойлар, күйлер шығады. Абай өзінің тиянақ таппаған тынымсыз көні-

лін дінге қарай бұрганда, мұсылманшылдық дініне барады» (1) – деп.

Әуезов Абайдың философиялық толғауларының туу себебін, ахуалын көрсетеді. Бұл өлеңдер Абайдың көніл түкпіріндегі жан қүйзелісіне айтқан жұбанышы болуға арналған-ды. Ой тұнғырығына батқан сезім оттарының өшу толғанысы еді. Жұбанышты діннен іздеу өлеңдерінің философиялық мәні де осында екенін көреміз. Ислам дінін қогамымыздан аластарату саясатында данышпан М. Әуезов Абайдың дінін «сыншыл ақылдың шартты діні» (1), «адамгершілік мақсатына ғана арналған дін» (2) деп анықтайды. Бұл анықтама жасалғанда идеология қандай еді, заман қандай еді деп жатпай, бұл анықтама суфизмнің сол түрғыдағы көрінісіне сай дегіміз бар. Және де суфизмнің қай түрі дегенде, қазақ топырағында ислам дінінің Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымынан сүзілген мұсылманшылықты айтамыз. Йасаудің түркі жұртының дүниетанымын, сенім-нанымын мұсылмандық қалыпта қалыптастырыуы соншалық, Йасауи хикметтері мен Алла сөзі, Йасауи оқуы мен ислам негізі бір ұғыммен танылып, Йасауи есімі тәнір берген рухани дүниеміздің айнымас, ажырамас бөлігіне, тіпті тірегіне айналып кеткенін Абайдың «хикмет» сөзіне руханишылық мәнін телуден көреміз.

Жүректің көзі ашылса.  
Хақылтың түсер саулесі.  
Іштегі кірді қашырса,  
Адамның хикмет кеудесі [3].

Бұл жерде Абайдың философиялық өлеңдерінің идеясы Йасауи хикметтерімен қай дәрежеде үндестік, сабактастық тауып жатқанын теренірек тану үшін Йасаудің сопылық оқу мәніне қарабайылау болса да, тоқталып кетелік: Йасауи Алла мәнін, Құран мағынасын түйіндеуде бір және жалғыз Хақ (Алла) адамды рух пен топырақ (материя) қосындысынан жаратқан дейді. Яғни, адам жартылай рухани, жартылай материяға қатысты. Адам екеуін біріктірер аралық субстанция жан иегері ретінде өмір атты

сынаққа түседі. Бұл сынақтың мәні жанды рухани кемелділікке жеткізу арқылы Хаққа (абсолют рухқа) қосу біріктіруде көрінеді.

Абайдың пайымында бұл оқу былай жырланған:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы-екі.

Абай Йасауи сияқты рухани мәнді алға қойып, тәнмен көрінген материяны одан кейінгіге ысыра отырып, ара жігін ашады.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан.  
«Менікі» өлсө, өлсін оған бекі.

Яғни, рух мәнгілік, ал тән тіршілігі өліммен шектелгенін анықтап тұр. Рухтың мәнгілігі неде дегенде, Абай сопылардың рухани кемелдігіне бастар мақсаттарды белгілеп берген.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,  
Тән құмарың іздейсің күпі-түнде.  
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –  
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Рухани кемелділік адамгершілік қасиеттермен толыса, дами отырып, адамның мақсаты хақты тануда, яғни адамның өзін өзі тануда белгіленеді. Таным – тек адамға ғана тән қасиет. Танымның амалы, яғни рухани кемелділік иман арқылы жүзеге асса, таным жолы махаббатпен, адамның хаққа деген ынтығымен, сүйіспеншілігімен танылады.

Адамды сүй, алланың хикметін сез,  
Не қызық бар өмірде онан басқа.

Абай Йасауимен пікір таластыраң бір-ақ махаббат жайын атайды. Йасауи таным тек махаббаттың күшімен жүреді десе, Абай адамды санамен ерекшелеп, күшін ақылмен өлшейді. Өсірсек Абайдың «Лай суға май бітпес» деген өлеңінде танымға

итеретін күшті ақылдан іздең, ақыл-ойдың мәніне жетуге тырысады:

Көңілге шек шұғбалі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген халық қылған ол лә мәкан,  
Түп иесін көксемей бола ма екен?  
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,  
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Бірақ осындай ой таластыруда, өзінің қара сөздерінде (17-сезінде) ақылдың айласын айтып жүректен кейін қояды. Абайдың жүргөт руханишылықты танитын бірден бір қасиет: «жаксылық айтқанына жаны-діні құмар болады. Көнбек түгілі қуанады. Жаманышылық айтқанына ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығады», – болып көрінеді.

Йасаудің:

Гашықсыздарды көрдім ерсе қайран болар,  
Момын деп имандары ойран болар, о

деп, махаббатты таным күші деген пікірімен келісіп, Абай руханишылыққа жетелейтін махаббатты, яғни жүректі бірінші орынға қояды:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділлетті.

Бұл тұжырымын «Алла деген сөз женіл» деген өлеңінде де тиянақтаған.

Ал осы махаббат арқылы адамгершілік қасиеттермен жетілеттін адам жанына не қас дегенде, екі ақын өткінші дүниені

сүймеу, руханишылықты дүниемен былғайтын нәпсі құмарлық-тан сақтануға шақырады

Йасаудің:

Дүниені мүлкім деген сұлтандарға,  
Әлем маңын сансыз жиып алғандарға,  
Кү тірліктің ісін істеп жүргендерге,  
Өлім келсе, бәрі өлік қалмыс әрміш, -

деген ойын Абай былай жалғастырады:

Адам гәпіл дүниені дер менікі,  
Менікі деп жүргеннің бәрі онікі.  
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Сонда ойла, болады не сенікі?

Дүние алдамшы да өткінші, оның уақыты шектеулі, яғни  
бұ дүниелік өмірдің басы болса, соны да бар екенін өсте естен  
шығармауда екі ақын өлім бейнесіне ескертпе мән артқан. Бұ  
дүние тұрғысында өлім – көр, өлім – топырақ, ал о дүние тұрғы-  
сынан, өлім – есеп, өлім – мәңгілікке бастар жол.

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан.  
Әсте өлмесін білгендей қылыш қылған.  
Ажап келіп бас салса, жаңды үрласа,  
Өмір кайда, сен кайда, соны да ойлан.

Адамзат бүтін адам, ертең топырак,  
Бүтінгі өмір жарқылдан алдар бірақ.  
Ертең өзің қайдастың, білемісің,  
Өлмек үшін тұғансың, ойла, шырак.

Ал осы өмір мәніне жеткізер, өлімге төтеп берер, қарсы тұrap  
күш қайда, амал қандай дегенде, Абай Йасаудың сияқты рухани  
дүниесін жоғалтпай, өмірдің ыстық-суығына адамгершілік қа-  
сиеттермен қарсы тұрып, Хақ жолында қызмет-әрекет етуге ша-  
қырады. Адам өмірді адам атына лайық өткізуғе тиіс.

Мазлұмға жаңың ашып, ішің күйсін,  
Харакет қыл, пайдасы көпке тисін,  
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,  
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

Біз Абайды сопылықты ұстанған деуден аулақпыз. Бірақ жан азабын тартқан Абай өзінің қайғысына жұбаныш, жабыққан көnlіне қуатты сопылық идеялардан іздел, жүрек сезімімен тапқан үндестікті жырлаған. Ой тұжырымдары бір жерден шыққан екі ақын өмірдің сыр-сипатына жетумен шектеліп қалғомай, өздерінің азаматтық парызын өз халқына сөз айтЫп, ақыл салып, танымға жетелегені сынни өлеңдерінде көрініс тапқан. Йасауи өз заманының адамын, әсіресе, рухани үрдісін белгілеуші қожа-молдаларын, қазы-имамдарын сынап, сын арқылы, сөз арқылы қоғамға ем таппақ болса, Абайдың сынни өлеңдерінің мән-мағынасы жекелеген құрдасына да, туысы мен жеңжатына да, жалпылаған халқына да айтЫп жатқан үйрету, еңбек ету сияқты уағыздарында кең танылған. Екеуінің арасы жеті ғасырмен белгіленгенімен, Йасауидің:

Ишан, шейх, қожа, молда дуние іздер,  
Сырын білмес топ халықты келіп алдар.  
Аят, хадис сезін қойып малды іздер,  
Хақ жолында әр кез мекнат тартқаны жоқ, –

деген сөзі Абайдың молдаларына да тиіп тұр:

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дагарадай бол сәлдесі.  
Мал құмар көnlі – бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Ал 1891 жылы жазылған Абайдың «Заман ақыр жастары» Йасауидің ақырзаман адамдарына берген анықтамасын XIX ғасыр тұрғысынан жырлап тұр емес пе?

Йасауи мен Абайды сөз қылғанда, сөзден ақыл, сөзден дос іздеген екі ақынның жан ұластығы ой оюынан да, сөз өрнене-

гінен де танылғандай. Қоғамына көнілі толмаған Йасаудің руханишылықты Хақ әлемінен іздеғен көніл құсы Абайдың заманына келіп, уақытқа сапар қылғандай. Өз жүртіның ахуалын тек ақын тұрғысында тани алатын Йасауи Абай дөрежесінен сөз айтқандай. Йасауи мен Абайдың дәстүр сабактастыры ең алдымен тақырыптан көрінсе, сондай-ақ үлкен ақындардың айқындаамасымен белгіленген философиялық өлеңдерінен көрінгені хақ. Йасауи де, Абай да өз халқына дұрыс бағдар, хақтық жол көрсетуден жалықпаған, зарлы күй мен ашы сөзбен мұлгіген көнілге тыныштық бермей танымға итермелеген дидактикалық мазмұнымен көрінген.

Абай Шығыстық тематикадан бойын қанша аулақ ұстағанымен, философияның мәнін көрсетуде Йасауи сияқты Шығыстан іздеғен. Йасауи Құран аңыз-әнгімелерін философиялық тұрғыда қалай танытса, Абай поэмалары Шығыстық аңыздары арқылы философиялық мәселелердің поэзияда жаңғырып, жалғастық табуына үлкен дарындық дөрежесінде көріне білген. Йасауи шығармаларынан бастау алған поэтикалық дәстүр Абайда түркі деген жалпы атаудан қазақ өлеңі табиғатында биікке шарықтаған.

### **Әдебиет**

1. Юбилейный альманах. Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы, 1995.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық гылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Корабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөзстан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақек. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайтып шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шеріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық гылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Фылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тынныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтере І. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

## МАЗМҰНЫ

Койгелдиев М. <b>Абай тұлғасы мен мұрасының</b> казақ тарихындағы орны .....	3
Медетбеков Т. <b>Менің Абайым!</b> .....	12
Жүртбай Т. <b>Қаракөк</b> .....	26
Негимов С. « <b>Қайғы шығар ілімнен...</b> » .....	68
Шәріп А. <b>Абайдың «жазуы» мен айтуы:</b> жаңа ментальдік жолында .....	76
Жеменей И. <b>Абай және әл-Фараби</b> .....	84
Ісімақова А. <b>Абай мұрасы – бүтінгі</b> рухани қажеттілік .....	91
Қамзин К. « <b>Семипалатинские областные</b> <b>ведомости</b> » газеті Абай айналасы туралы .....	106
Тайшыбай З. <b>Ескендір әңгімесі</b> .....	124
Айтқазин Т. <b>Абай философиясындағы</b> адам туралы .....	145
Ысқақұлы Д. <b>Аудармадагы Абай дәстүрі</b> .....	158
Қоңыратбаев Т. <b>Абай Құнаанбайұлы</b> .....	198
Борбасов С. <b>Абай тағылымы</b> .....	203
Шапай Т. <b>Тыныштық метафорасы</b> .....	219
Кемелбаева А. <b>Гете мен Абай</b> .....	234
Ахметбекова А. <b>Йасауи мен Абайдың</b> поэтикалық дәстүрі .....	251
Палтөре Ы. <b>Абай шығармаларындағы</b> <b>Алланың көркем есімдерінің кейіріне</b> лексика-семантикалық талдау .....	258
Сейтова А. <b>Абай мен Сағди поэзиясындағы</b> ұқсас ой-сауындары .....	270
Рахимов К. <b>Абайдың даниалық философия</b> тылымы деңгейіндегі көрінісі .....	284
Раев К. <b>Абай шығармашылығындағы</b> рухани құндылықтардың мәні .....	298
<b>Түсініктер</b> .....	304

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VII том  
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдиқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№9141**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №4356.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.